



Жаратылыстану-математика бағыты
«Стандарттау» пәні бойынша
оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру
бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған тест
спецификациясы
 (2023 жылдан бастап қолдану үшін)

1. Тест мақсаты: Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

2. Тест міндеті: Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

В076-Стандарттау, сертификаттау және метрология (сала бойынша)

3. Тест мазмұны:

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
01	Стандарттаудың жалпы сипаттамасы	01	Стандарттау мәні	- "стандарттау" ұғымының мәнін түсіндіру; - стандарттау нысанасын анықтау; - стандарттау нысандарын жіктеу; - стандарттау бойынша жұмыстардың кезеңдерін анықтау.
		02	Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар туралы түсінік	- "нормативтік құжаттар" ұғымының мәнін түсіндіру; - нормативтік құжаттарды жіктеу; - нормативтік құжаттар санатын анықтау; - стандарттау нысандарына қойылатын міндетті және ұсынылатын талаптарды ажырату; - Қазақстан Республикасының Техникалық реттеу жүйесін сипаттау; - нормативтік құжаттарды әзірлеудің негізгі ережелерін, міндеттері мен тәртібін сипаттау; - нормативтік құжаттарды білу.

		03	Стандарттаудың даму тарихы	<ul style="list-style-type: none"> - стандарттаудың даму тарихын сипаттау; - дамудың әртүрлі кезеңдерінде стандарттаудың мақсаттары мен принциптерін анықтау.
		04	Стандарттау мақсаттары, принциптері, функциялары мен әдістері	<ul style="list-style-type: none"> - стандарттау мақсаттарын анықтау; - стандарттау міндеттерін сипаттау; - стандарттау қызметін сипаттаңыз; - мақсатқа жету үшін стандарттау дұрыс әдістерін таңдау.
02	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттау жүйесі	05	Қазақстан Республикасының Стандарттау органдары мен қызметтері	<ul style="list-style-type: none"> - Стандарттаудың ұлттық жүйесін сипаттау; - Стандарттау саласындағы техникалық ұйымдар мен сарапшылардың мемлекеттік органдар мен уәкілетті органдардың Қ.Р.Үкіметінің күзіреттіліктерін белгілеу.5.3. Техникалық. нормативтік құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорын қалыптастыру
		06	Мемлекеттік стандарттарды әзірлеу тәртібі	<ul style="list-style-type: none"> - стандарттау жөніндегі жұмыстарды жоспарлауды жүзеге асыру; - ұлттық стандарттарды әзірлеу және бекіту; - ұлттық стандарттарға өзгерістер енгізу және жою; - техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштерін әзірлеу және бекіту; - ұлттық стандарттарды, техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштерін, стандарттау жөніндегі ұсынымдарды тіркеу
03	Өнім сапасын басқару	07	Сапа көрсеткіштерінің жіктелуі. Өнім сапасы көрсеткіштерінің жіктелуі мен топтарының негізгі белгілері.	<ul style="list-style-type: none"> - Өнімдердің қасиеттерін сипаттау. - Сапаны бақылау жұмыстарын сипаттау. - Өнім сапасының көрсеткіштерін

			Сипаттайтын қасиеттері бойынша сапа көрсеткіштері.	классификациялау. - Сапа деңгейінің бағалау әдістерін және сапа көрсеткішінің маңызын анықтайтын әдістерді қолдану.
		08	Сапаны басқару жүйесіндегі бақылау	- Сапаны бақылаудың әртүрлі түрлерін ұйымдастыру; - Іріктемелі бақылау және статистикалық қабылдау бақылауын жүргізу.
04	Өнімді және сапа жүйесін сертификаттау	09	Өнімді сертификаттау	- Өндіруші, тұтынушы және үшінші тараптың құқықтарын қорғайтын заңдарды сипаттау; - Міндетті және ерікті сертификаттауды ажырату; - Сертификаттау процесін сипаттау; - Сәйкестікті растау кезінде сәйкестікті бағалау схемаларын қолдану.
		10	Сапа жүйесін сертификаттау	- Сапа жүйесін сертификаттау принциптерін түсіндіру; - Сапа жүйесін сертификаттау кезеңдерін және жұмыс құрамын сипаттау; - Сәйкестікті растауды жүргізу кезінде заңнамалық негізді қолдану.

4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Стандарттау» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары
- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдаят (контекст).

Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формасы: Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минут, жалпы тестті орындау уақыты – 80 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

1. Қазақстан Республикасының «Стандарттау туралы» Заңы.
2. К.Ш. Саржанова «Стандарттау негіздері» Алматы,-2015ж.
3. М. Рақымжанов «Стандарттау, сертификаттау және метрология негіздері» «Фолиант», Астана,-2011.
4. К.Е. Каржаубаев «Стандарттау, сертификаттау және сапаны басқару «Нур- принт», Алматы,-2019.
5. Жұмәділова Ғ. Ш. «Өнімдерді стандарттау» Астана, Фолиант. 2016 ж
- 6.К. Акишев, Г. Дарибаева «Стандарттау, метрология және сәйкестікті бағалау» Фолиант-Астана,-2008.
- 7.Ж.Ж Есенкулова,Ж.Ж.Акапова,А.М.Касенова «Стандарттау, сертификаттау және метрология негіздері» Алматы,2014.
8. Т.М. Мендебаев, А.З. Габдуллина, А.Т. Альпеисов « Сапаны басқару» Алматы,2013ж.
9. Мырзабай М.М. Стандарттау, метрология, сертификаттау және сапа менеджменті негіздері, Алматы 2003
10. М.Ж. Еркебаев, Қ.С. Құлажанов, Д.Б. Тәттібаева, А.Ы. Мауленов, М.Қ. Қадырбаев « Азық-түлік шикізаты және тағам өнімдерінің қауіпсіздігі» Алматы,2013ж.
- 11.ҚРСТ 1.5 Рәсімделуіне және мазмұна қойылатын жалпы талаптар.
- 13.ҚР СТ 1.9 Халықаралық өмірлік ұлтық стандарттарды және стандарттау сертификаттау және аккредитеу жөніндегі нормативтік құжаттарды қолдану тәртібі.
- 14.ҚР СТ 1.7 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттау жүйесі. Стандарттау бойынша жұмысты жоспарлау тәртібі».
- 15.ҚР СТ 1. 12 «Нормативтік мәтіндік құжаттар».
- 16.ҚР СТ 1.2 «Мемлекеттік стандарттарды даярлау тәртіптері».
- 17.ҚР СТ 1.3 «Техникалық шарттарды даярлау, келісімдеу, бекіту және мемлекеттік тіркеу тәртіптері».

